

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі



Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка

SREP
ҚАДАҒАЛАП
БАҒАЛАУ
ЕСЕБІ

2025

Банктерді реттеу департаменті

Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

<u>Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі</u>	3
<u>Алғысөз</u>	4
<u>Бірыңғай қадағалау цикліне көшу</u>	6
<u>Қадағалау құралдарын бірыңғай циклге ықпалдастыру</u>	7
<u>SREP қадағалап бағалау процестері</u>	8
<u>SREP 2025 негізгі нәтижелері</u>	9
<u>SREP негізгі бақылаулары</u>	10
<u>BMA</u>	11
<u>Капитал тәуекелдері</u>	14
<u>Корпоративтік басқару</u>	28
<u>Өтімділік</u>	33
<u>Қадағалау үстемесі және оны қолдану</u>	36
<u>Капитал нарығына қадағалау үстемесі</u>	37
<u>Іс-шаралар жоспарлары</u>	38
<u>SREP-тің болашақтағы бағыттары</u>	39
<u>Қорытынды</u>	40

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ

АГЕНТТІК	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ББҚК	Базель банктерді қадағалау комитеті
№188 қағидалар	«Екінші деңгейдегі банктерге, ҚР бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысы
№170 қағидалар	«Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысы
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат
ВМА	бизнес-модельді талдау
КЖБІП	Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі
ӨЖБІП	Өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі
ҚСТ	Қадағалап стресс-тестілеу
КЖҚЖ	Күтпеген жағдайлар кезіндегі қаржыландыру жоспары
AQR	Asset Quality Review
СЕТ1	Common Equity Tier 1
ES	Expected shortfall
IRRBB	Interest Rate Risk in the Banking Book
SREP	Supervisory Review and evaluation process
VaR	Стоимость под риском
EVE	Economic value of equity
NII	Net interest income
ККЗ	Күтілетін кредиттік залал



Құрметті оқырмандар,

Сіздердің назарларыңызға SREP әдіснамасы бойынша банктерді жыл сайынғы қадағалап бағалауының нәтижелері туралы Агенттіктің екінші есебін ұсынып отырмын. Осы есепті дайындау және жүйелі түрде жариялау біздің банктерді қадағалаудың ашықтық, есеп беру және үздік халықаралық тәжірибелерін енгізу қағидаттарын ұстанатынымызды көрсетеді. Қадағалау қызметінің нәтижелері туралы ашық хабарлау қаржы нарығына қатысушылар, инвесторлар және мүдделі тұлғалар тарапынан сенімді нығайтуға ықпал етеді, сондай-ақ банк секторының орнықтылығы мен тұрақтылығын арттырады.

Бұл есеп есепті кезеңде банктер берген деректер негізінде дайындалды және екінші деңгейдегі 21 банктің қызметін кешенді бағалауды қамтиды. Қадағалап бағалау шеңберінде банктердің бизнес-модельдеріне кешенді талдау жасалды, сондай-ақ тәуекелдердің елеулі түрлеріне бағалау жүргізілді. Капиталдың негізгі тәуекелдеріне ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, банктердегі корпоративтік басқару мәселелері, тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі, сондай-ақ аудит пен бақылаудың ішкі процестері қаралды.

2025 жылы SREP бағалауын өткізу тәуекелдердің негізгі түрлерін басқаруды одан әрі жетілдіру үшін басым бағыттарды анықтауға және банк секторының орнықтылығын арттыруға бағытталған қадағалау ұсынымдарын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл есепте банктерде тәуекел-менеджмент және корпоративтік басқару практикаларын одан әрі дамыту бойынша түйінді тұжырымдар, бақылаулар және ұсынымдар бар.

Бұл есеп қадағалап бағалаудың қорытындыларын жүйелі түрде ашу тәжірибесін жалғастырады және Агенттіктің банктерді қадағалауда тәуекелге бағдарланған тәсілді одан әрі дамытуға және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің орнықтылығын арттыруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Агенттіктің атынан банк секторының барлық қатысушысына SREP қадағалап бағалауын өткізуге қосқан үлесі үшін, сондай-ақ Агенттіктің командасына жоғары кәсібилігі мен жауапты жұмысы үшін алғыс білдіремін. Бұл есеп Қазақстанның қаржы жүйесіне деген сенім мен оның тұрақтылығын арттырудың маңызды құралына айналуға арналған.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігінің Төрағасы

Мәдина Әбілқасымова

SREP КОМАНДАСЫ

1. **Әбілқасымов Тимур, FRM** – ҚНРДА Төрағасының бірінші орынбасары
2. **Әбдіқадыров Жандос** – ҚНРДА БРД директоры
3. **Ахматолла Алмат** – ҚНРДА БРД директорының орынбасары
4. **Тұрыспаев Айжарық, FRM** – Басқарма бастығы
5. **Жапаров Бақытжан, FRM** – «Капитал тәуекелдері», «Нарық тәуекелі», «IRRBB», «Өтімділік» блоктары бойынша орындаушы
6. **Нұрманова Тоғжан** – «Корпоративтік басқару», «Кредит тәуекелі» блоктары бойынша орындаушы
7. **Әбілова Еңлік** – «ВМА», «Кредит тәуекелі» блоктары бойынша орындаушы
8. **Абдулаева Маргарита** – «Корпоративтік басқару», «Кредит тәуекелі» блоктары бойынша орындаушы



SREP цифрлармен

21

қатысушы банк

84

сағат сұхбат


991

SREP-те сұрақ

203 мың


құжат талданды

БІРЫҢҒАЙ ҚАДАҒАЛАУ ЦИКЛІНЕ КӨШУ



ҚАДАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН БІРЫҢҒАЙ ЦИКЛГЕ ЫҚПАЛДАСТЫРУ

Банктерді қадағалау жүйесі SREP, AQR және ҚСТ сияқты тәуекелге бағдарланған қадағалаудың негізгі құрауыштарын қамтитын жыл сайынғы қадағалау цикліне негізделген. Жиынтықта бұл құралдар банктердің қаржылық жағдайын жан-жақты талдауды және олардың ықтимал экономикалық күйзелістерге төзімділігін қамтамасыз етеді.



Қадағалау құралдарын бірыңғай циклге ықпалдастыру банк тәуекелдерін жеке негізде кешенді бағалауға және банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және олардың қызметінде тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу үшін қадағалау тетіктерін кейіннен іске асыруға бағытталған.

SREP жыл сайынғы бағалау қорытындысы бойынша Агенттік әрбір банкке SREP барлық құрауыштары бойынша қорытынды рейтингті, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды қамтитын жиынтық есепті жібереді, содан кейін қадағалау шараларын қолданады. 2025 жылы Агенттік 21 қадағалау ден қою шарасын қолданды, оның ішінде 13 банкке қатысты 13 ұсынымдық шара және 8 жазбаша нұсқама қолданды. Қолданылған шаралар шеңберінде 500 іс-шарадан тұратын іс-шаралар жоспары әзірленді. Орындалу мониторингі есепті күнге 350 іс-шара немесе жалпы санның 70%-ы іске асырылғанын көрсетеді.

SREP және AQR нәтижелерін біріктіру банктердің ағымдағы тәуекел бейінін кешенді бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол капиталға қадағалау үстемеақыларын қолдануға негіз болады. Банктердің капиталына қадағалау үстемеақысы алғаш рет 2024 жылғы желтоқсанда қолданылды, бұл ықтимал тәуекелдерді өтеу үшін капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, тұрақты AQR нәтижелері тұрақты қадағалау процесіне ықпалдастырылып, ҚСТ жүргізудің бастапқы нүктесі ретінде пайдаланылады. ҚСТ, өз кезегінде, қадағалау циклінің соңғы кезеңі болып табылады және стрестік сценарийлерді іске асыру жағдайында банктердің ықтимал шығындарын бағалауға бағытталған. Бұл бағалаудың маңызды элементі стрестік жағдайларда ықтимал шығындарды өтеуге, сондай-ақ банктердің қолайсыз экономикалық өзгерістерге тұрақтылығын арттыруға бағытталған қосымша капитал буферін қолдану болып табылады.

Осылайша, SREP, AQR және ҚСТ-ны бірыңғай қадағалау процесіне ықпалдастыру тәуекелдерді бағалауды нақты әсер ету шараларына айналдыруға мүмкіндік беретін қадағалау шешімдерінің келісілуін және дәйектілігін қамтамасыз етеді.

SREP ҚАДАҒАЛАП БАҒАЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ



Банктерді қадағалап бағалау төрт негізгі санат бойынша сандық және сапалық көрсеткіштерді талдауды қамтиды: банктердің бизнес-моделі; корпоративтік басқару; банктердің ҚЖБІП бағалауын қамтитын капитал тәуекелдері және банктердің ӨЖБІП бағалауын қамтитын өтімділік тәуекелдері.

Бағалау барлық банктерді қамтиды және үш кезеңнен тұрады.

Дайындық кезеңінде Агенттік банктердің ішкі құжаттарды, есептерді және басқа да мәліметтерді ұсынуы туралы сұрау салу жібереді.

Екінші кезеңде банктерден негізгі блоктар бойынша сандық және сапалық ақпарат жиналады және талданады. Бағалау тәуекел-менеджменттің жоғары стандарттарын, нормативтік талаптарды және үздік практикаларды ескере отырып әзірленген сауалнама негізінде жүргізіледі. Жан-жақты қадағалау жүргізу үшін менеджментпен және банк бөлімшелерімен сұхбат жүргізіледі. Содан кейін алдын ала рейтингтер есептеледі, комплаенс-топ рейтингтерге тексеру жүргізеді және жиынтық есеп жасалады.

Үшінші кезең банкпен алдын ала жиынтық рейтингті талқылауды, Агенттік комитетінде рейтингтер мен шараларды бекітуді қамтиды.

2025 жылдан бастап қадағалау циклі шеңберінде SREP және AQR бағалау нәтижелеріне негізделген банк капиталына қосымша буферді білдіретін қадағалау үстемеақысы қолданылды.

SREP 2025 НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2025 жылы Агенттік SREP қадағалау моделі шеңберінде банктердің тәуекел-бейініне кешенді талдау жүргізді.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшкеннен бері SREP нәтижелері банк секторындағы орнықты оң өзгерістерді көрсетеді. Соңғы екі жылда ҚЖБІП және ӨЖБІП рәсімдері айтарлықтай жақсарды, корпоративтік басқару сапасы, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және бақылау процестері, сондай-ақ капитал мен өтімділікті басқару сапасы жақсарды.

2025 жылы SREP бағалау аясына **21 банк** кірді. Сапалық және сандық көрсеткіштерді бағалау нәтижелері бойынша әрбір банкке «1»-ден (төмен тәуекел) «4»-ке (жоғары тәуекел) дейінгі қорытынды рейтинг берілді:

- **7 банк** «төмен тәуекелі» бар деп танылды
- **7 банк** – «қалыпты төмен тәуекелі» бар деп танылды
- **5 банк** – «қалыпты жоғары тәуекелі» бар деп танылды
- **2 банк** – «жоғары тәуекелі» бар деп танылды

Бағалау қорытындысы бойынша 0%-дан 4,5%-ға дейінгі аралықта капиталға қадағалау үстемеақылары қолданылды. Тиісті шешімдерді Агенттік пен Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен Пруденциялық реттеу саясаты комитеті 2025 жылғы желтоқсанда қарап, бекітті және белгіленген тәртіппен банктерге жіберілді.




		2025			
		1	2	3	4
2024	1	78%	11%	11%	0%
	2	0%	100%	0%	0%
	3	0%	0%	100%	0%
	4	0%	0%	0%	100%

1-диаграмма. Рейтингтерді бөлу

Бағалау қорытындысы бойынша банктердің **90%-ы** SREP жалпы рейтингін 2024 жылғы деңгейде сақтап қалды, ал **10%-ында** оның төмендеуі байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда қорытынды рейтингті жақсартқан банктер жоқ.

SREP НЕГІЗГІ БАҚЫЛАУЛАРЫ




2-диаграмма. SREP қорытынды рейтингтерді бөлу

Жалпы рейтингтерді бөлу серпінін және олардың 2024 жылдан 2025 жылға ауысуын талдау рейтингтік жүйенің тұрақтылығының жоғары дәрежесін көрсетеді. Көптеген банктер үшін бұрын берілген рейтингтің сақталуы тән, бұл ретте рейтингаралық ауысулар шектеулі сипатқа ие. 2024 жылы 1-рейтингі бар банктер арасында **77,78%** өз позицияларын сақтап қалды, ал **11,11%** 2-рейтингке және тағы **11,11%** 3-рейтингке дейін төмендеді, бұл 2025 жылы осы топтағы көрсеткіштердің ішінара нашарлағанын көрсетеді. Сонымен қатар, қалған санаттар бойынша толық тұрақтылық тіркелді: 2024 жылы 2, 3 және 4 рейтингтері бар барлық банктер 2025 жылы тиісті деңгейлерді растады.

SREP 2025 нәтижелері бойынша рейтингтік бағаларды бөлу құрылымындағы өзгерістер тіркелді. 1-рейтингі бар банктердің үлес салмағы **43%-дан 33%-ға дейін** қысқарды. Сонымен қатар, 2-рейтингі бар банктер үлесінің **29%-дан 33%-ға дейін** ұлғаюы, сондай-ақ 3-рейтинг үлесінің **19%-дан 24%-ға дейін** өсуі байқалады. 4-рейтингі бар банктер үшін көрсеткіш өзгеріссіз қалды.

Банктердің SREP қорытынды рейтингтеріндегі өзгерістер (2025 vs 2024)



3-диаграмма. SREP қорытынды рейтингтеріндегі өзгерістер


01

BMA

Бизнес-модельді талдау

2024-2025 жылдарғы бизнес-модель бойынша банктердің рейтингтерін талдау нәтижелеріне сәйкес санаттар бойынша бөлуде өзгерістер байқалды.

Қарастырылып отырған екі жылдық кезеңде 1-рейтинг бірде-бір банкке берілмеген. 2-рейтингі бар банктердің үлесі 57%-ан 38%-ға дейін төмендеді, ал 3-рейтингі бар банктердің үлесі 38%-дан 52%-ға дейін, ал 4-рейтингі бар банктердің үлесі 5%-дан 10%-ға дейін өсті.



4-диаграмма. ВМА рейтингтеріндегі өзгерістер

Бизнес-модель бойынша рейтингтердің өзгеруі банктер қызметіндегі стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестеріндегі өзгерістерге негізделген.

ВМА талдау нәтижелері банктердің цифрлық технологияларға, тәуекелдерді басқаруға және қаржылық жоспарлау сапасына ерекше назар аудара отырып, стратегиялық басқару процестерін белсенді жетілдіріп келе жатқанын растайды.

ВМА блогын сапалы бағалау қолданыстағы стратегияларды қайта қарауға және жаңаларын қабылдауға, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге жүйелі тәсілді қамтамасыз ететін шоғырландырылған құжат енгізуге және сценарийлік жоспарлауды пайдалануға байланысты бірқатар жақсартуларды көрсетеді.

Сонымен қатар, 2025 жылғы SREP циклі шеңберінде ВМА блогын талдау нәтижелері назар аударуды және жетілдіруді талап ететін бірқатар кемшіліктерді көрсетеді.

Қадағалап бағалау барысында жекелеген банктерде даму стратегиясы мен бюджеттің орындалуы бойынша есептілік уәкілетті алқалы органдар тарапынан кейіннен тапсырмалар мен ескертулерсіз формалды түрде қаралатыны анықталды. Бұл ретте ескертулердің болуы атқарушы органдар тарапынан олардың тиісінше іске асырылуын қамтамасыз етпейді.

Сонымен қатар, бірқатар банктердің ішкі құжаттарында бөлімшелердің даму стратегиясының/жылдық бюджеттің жобаларын әзірлеу, келісу мерзімдері, сондай-ақ оларды банктің алқалы органдарының қарауына енгізу мерзімдері көзделмейді.

Стратегияны/бюджетті орындау бойынша басқарушылық есептіліктегі нақты мәндерден қаржылық көрсеткіштердің едәуір ауытқуының жекелеген жағдайлары анықталды.

Бизнес-модельді бағалау негізінде ұсынымдар

1. Алқалы органдардың стратегиялық және бюджеттік процестерге тартылуын арттыру

Директорлар кеңесі мен Басқарманың стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестеріне қатысуы тартылудың қажетті деңгейін қамтамасыз етпейді және формальды сипатта болады. Стратегия мен бюджеттің атқарылуы жөніндегі басқарушылық есептілікті қарау жеткілікті талдаусыз, талқылаусыз, нақты тапсырмалар мен ұсынымдар қоймай жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің, Басқарманың стратегиялық/бюджеттік жоспарлау процестеріне тартылуын арттыру қажет.

2. Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы орындау

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарда берген тапсырмаларын Басқарма уақтылы орындамайды. Олардың орындалуын бақылау жүйелі негізде жүргізілмейді, бұл Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асырудың тиімділігін төмендетеді.

Басқарманың Директорлар кеңесінің отырыстарында айтылған Директорлар кеңесі мүшелерінің тапсырмаларын орындау деңгейін арттыруды қамтамасыз ету ұсынылады.

3. Ішкі құжаттарды қайта қарау


Банктердің ішкі құжаттарында Даму стратегиясы мен бюджеттің жобаларын әзірлеу және құрылымдық бөлімшелердің келісуінің нақты бекітілген мерзімдері, сондай-ақ оларды уәкілетті алқалы органдардың қарауына енгізу мерзімдері жоқ. Нақты мерзімнің болмауы жоспарлау процестерінің созылу қаупін арттырады және бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды төмендетеді. Ішкі құжаттарда банк бөлімшелерінің Даму стратегиясының/Бюджеттің жобаларын әзірлеу, келісу мерзімдерін және оларды банктің алқалы органдарының қарауына енгізу мерзімдерін көздеу қажет.

02

Капитал тәуекелдері

Кредиттік тәуекел, IRRBB,
нарықтық және операциялық тәуекелдер

Банктердің рейтингтерін 2024-2025 жылдары «Капитал тәуекелдері» санаты бойынша бөлу елеулі құрылымдық өзгерістерді көрсетеді. 2025 жылы тәуекел деңгейі орташадан төмен санаттағы банктердің айқын шоғырлануы (2-рейтинг), сондай-ақ түпкі бағалаудың болмауы (1 және 4-рейтингтер) байқалады. 2- рейтингі бар банктердің үлесі өткен жылмен салыстырғанда екі есе ұлғайды. 2, 3 және 4-рейтингтер бойынша 2025 жылы банктер позицияларының жақсаруы тіркелді.



5- диаграмма. Рейтингтердегі өзгерістер (капитал тәуекелдері)

Капитал тәуекелдері бойынша рейтингтердің өзгеруі банктер қызметіндегі стресс-тестілеуді қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау процестеріндегі және тәуекелдерді басқару жүйесіндегі өзгерістерге негізделген.

Капитал тәуекелдерін талдау нәтижелері банктердің капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестерін, тәуекелдерді басқару жүйесін және бақылау шараларын, сондай-ақ ішкі капиталды есептеу әдістемесін үнемі жетілдіріп отырғанын растайды.

Капитал тәуекелдері блогын сапалы бағалау өткен жылғы SREP циклінің нәтижелері бойынша қадағалап ден қою шаралары шеңберінде іс-шаралар жоспарын орындауда жетістіктердің бар екенін айғақтайды. Мәселен, кейбір банктерде өткен жылғы SREP циклінің ұсынымдарына сәйкес сыртқы аудиторлар ҚЖБІП тиімділігін бағалауды жүргізді, елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру және капиталдың ішкі жеткіліктілігін бағалау әдіснамасын әзірледі, ал стресс-тестілеу нәтижелері елеулі тәуекелдер бойынша тәуекел-дәрежесін белгілеу процесіне ықпалдастырылған.

Қадағалап бағалау барысында бірқатар банктерде капиталдың күрт төмендеуіне ден қою үшін рәсімдер мен іс-қимылдарды көздейтін капиталды қаржыландырудың ІНҚ жеке жоспарының жоқтығы, елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижелері бойынша тәуекелдер картасы мен тізілімінің әзірленбегені, сондай-ақ ішкі (экономикалық) капитал құрамында банктер үшін барлық елеулі және релевантты тәуекелдер бойынша шығындарды өтеуге арналған қаражаттың жоқтығы анықталды. Сонымен қатар, оларды бөлудің ашық және нақтыланған шарттарын белгілейтін дивидендтер төлеу саясаты бекітілмеген, сондай-ақ №188 Қағидаларда белгіленген ең аз тізбеде тікелей көзделген стресс-тестілеу сценарийлері қолданылмайды.

КЖБІП бағалау негізінде ұсынымдар

1. Тәуекел-дәрежені тиімді мәлімдеме қалыптастыру

Тәуекел-дәреже туралы тиімді мәлімдеме болжамдық тәсілге негізделуге және тәуекел-дәреженің белгіленген деңгейлерінің бұзылуына әкелуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтау үшін стресс-тестілеу нәтижелерін ескеруге тиіс. Бірқатар банктерде тәуекел-дәреже туралы мәлімдемелер стресс-тестілеу нәтижелерін ескермейді, сондай-ақ ішкі капиталды бекіту және (немесе) қайта қарау кезінде тәуекел-дәреженің деңгейлерін салыстыру жүргізілмейді.

Тәуекел-дәрежені қалыптастыру кезінде стресс-тестілеу нәтижелерін тәуекел-дәрежені және лимиттерді белгілеу және (немесе) қайта қарау процестеріне міндетті ықпалдастыруды қоса алғанда, болжамдық тәсілді қолдануды қамтамасыз ету қажет.

2. Тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін әзірлеу

Базельдің Pillar 2 талаптарына сәйкес, тәуекелдерді сәйкестендіру кезеңінде банктер әлеуетті шығындары неғұрлым жоғары банктер үшін релевантты елеулі тәуекелдерді анықтайды. Осы рәсімнің нәтижесі тізілім мен тәуекелдер картасын жасау болып табылады, ол салдардың ауырлық дәрежесін және әрбір елеулі тәуекелді іске асыру жиілігін көздейді.

Банктер тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін және елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижелері бойынша ден қою жоспарларын әзірлеу, бекіту және үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз етуге тиіс.

3. Pillar 2 сәйкес экономикалық капитал тұжырымдамасын енгізу

Жекелеген банктерде Базельдің Pillar 2 шеңберінде экономикалық капитал тұжырымдамасын енгізу жартылай және формальды сипатқа ие. Ішкі капиталды есептеу әдіснамасы Pillar 1 өтетін тәуекелдермен (кредиттік, нарықтық және операциялық) шектеледі және өзге елеулі тәуекелдерді ескермейді. Бұл ретте Pillar 2 шеңберінде банктерге IRRBB, өтімділік тәуекелі, бизнес-тәуекелдер және басқалар сияқты тәуекелдер тән. Осы тәуекелдерді экономикалық капитал есебінен алып тастау күтілмейтін шығындарды өтеу үшін капиталдың қажетті көлемін жете бағаламауға алып келеді.

Кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелдерден басқа, экономикалық капиталдың шамасын айқындау кезінде банктер үшін релевантты барлық елеулі тәуекелдерді есепке алуды қамтамасыз ету қажет.

4. Стресс-тестілеу өткізу практикасын талдау

Тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарына сәйкес банк капитал жеткіліктілігінің деңгейі ағымдағы сәтте қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, қысқа мерзімді және ұзаққа созылған, сондай-ақ идиосинкразиялық және нарықтық сценарийлерді қарайды. Бірқатар банктерде стресс-тестілеу жүргізу үшін пайдаланылатын сценарийлердің тізбесі №188 Қағидаларда тікелей айқындалған сценарийлердің ең аз тізбесіне сәйкес келмейді.

Белгіленген ең төменгі тізбеге енгізілген сценарийлерді міндетті түрде пайдалануды көздей отырып, стресс-тестілеу өткізу рәсімдерін регламенттейтін ІНҚ-ға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

5. Әдіснамалық базаның толықтығын қамтамасыз ету


Тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптары шеңберінде капиталды басқару жөніндегі бөлімше капиталдандыру деңгейін ұлғайту жөніндегі шаралар әзірлейді және іске асырады және мүдделі бөлімшелермен бірлесіп капиталды қаржыландыру жоспарын әзірлейді.

Банк капиталының күрт төмендеуіне уақтылы ден қою үшін рәсімдер мен іс-қимылдарды қамтитын капиталды қаржыландыру жоспарын әзірлеу және бекіту қажет.

Сонымен қатар, ІНҚ толықтығын талдау жекелеген банктерде бекітілген Дивидендтер төлеу саясатының жоқтығын анықтады. Дивидендтер төлеу үшін ашық және нақтыланған шарттарды регламенттейтін Дивидендтер төлеу саясатын әзірлеу қажет.

2024-2025 жылдары банктердің рейтингтерін «Кредиттік тәуекел» санаты бойынша бөлу елеусіз құрылымдық өзгерістерді көрсетеді. 2025 жылы, өткен жылдағыдай, банктердің орташа тәуекел деңгейі төмен санаттағы шоғырлануы сақталады (2-рейтинг). Бұл ретте 2024 жылы 1 және 4 рейтингі бар банктердің үлесі 2025 жылы 2 және 3-рейтингтер қоржынына толығымен көшті.

Рейтинг Credit Risk



6-диаграмма. Рейтингтердегі өзгерістер (кредиттік тәуекел)

Кредиттік тәуекел бойынша рейтингтердің өзгеруі кредиттік тәуекелдерді бағалау және бақылау рәсімдеріндегі, сондай-ақ кредиттік тәуекелге байланысты күтпеген шығындар үшін капиталға қойылатын талаптарды есептеу тәсілдеріндегі өзгерістерге байланысты.

Кредиттік тәуекелді талдау нәтижелері банктердің ҚЖБІП шеңберінде кредиттік тәуекелді бақылау жүйесін, резервтеу процестерін және кредиттік тәуекелді бағалау модельдеріне тәуелсіз тексеру жүргізу рәсімдерін белсенді түрде жетілдіріп отырғанын растайды.

Кредиттік тәуекел блогын сапалы бағалау алдыңғы SREP циклінің қорытындылары бойынша анықталған кемшіліктерді жою бөлігінде оң серпінді көрсетеді: ішкі капиталды есептеу тәсілдерін жетілдіруге рейтингтік/скорингтік модельдерді әзірлеуге және кредиттік тәуекелді бағалау модельдерін тәуелсіз тексеруді жүргізу процестеріне байланысты жоспарланған іс-шаралардың көпшілігін банктер 2025 жылдың соңына дейін іске асырды.

Қадағалау бағалауы барысында бірқатар банктерде автокредиттеу өнімі бойынша бөлшек сегментте кредиттік портфельдің жоғары шоғырлануы байқалғаны анықталды. Банктер лимиттердің егжей-тегжейлі жүйесін енгізгеніне қарамастан, талданатын жыл ішінде кредиттік тәуекел бойынша бекітілген тәуекел дәрежесі мен лимиттердің, оның ішінде лимит алды көрсеткіштердің бұзылуы тіркелді. Бұдан басқа, жекелеген банктерде провизияларды есептеудің қолданыстағы әдістемесі реттеушімен келісілмеген, ал рейтингтік және скорингтік модельдерді, сондай-ақ күтілетін залалдар өлшемдерін есептеу модельдерін тексеру кезеңділігі белгіленген талаптарға сәйкес келмейді.

Кредиттік тәуекелді бағалауға негізделген ұсыныстар

1. Кредиттеу барысына скорингтік модельді енгізу

Жекелеген банктерде кепілсіз кредиттер беруге арналған өтінімдерді кредиттік комитет (шешім қабылдау орталығы) скорингтік модельдерді пайдаланбай қарайды, бұл шешім қабылдау процесін баяулатады. Кепілсіз кредиттер бойынша шешімдер қабылдау үшін скорингтік модельдерді енгізуді қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар скорингтік құралдарды пайдалана отырып, кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау процесін автоматтандыруды қамтамасыз ету.

2. Оқыту деректерін қайта қарау және жаңарту

Сапалық және сандық бағалауға негізделген жекелеген банктердің скорингтік модельдерін тексеру нәтижелері модельдерді қайта қарау және оларды портфельдің ағымдағы жағдайларына бейімдеу қажеттілігін көрсететін кемшіліктерді анықтады.

Болжаудың сенімділігін арттыру үшін скорингтік модельдерді мерзімді қайта оқыту рәсімдерін енгізу, сондай-ақ репрезентативті және өзекті деректер негізінде оқыту үлгісін өзектендіруді қамтамасыз ету қажет.

3. Модельдердің толыққанды және тәуелсіз тексеруін қамтамасыз ету

Скорингтік модельдерді пайдалана отырып, Цифрлық өнімдерді қоса алғанда, кредиттеудің өнім желісін кеңейту жағдайында толыққанды тексерудің болмау жағдайлары анықталды.

Скорингтік модельдерге толыққанды және уақтылы тәуелсіз тексеру жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

4. ККЗ бағалау кезінде сценарийлік талдауды қолдану

Провизияларды қалыптастыру әдістемелерін талдау шеңберінде банктерде ККЗ бағалау кезінде сценарий тәсілін қолданбау жағдайлары анықталды, атап айтқанда going concern және gone concern қағидаттары бойынша қарыз алушының кредиттік сапасын дамыту сценарийлерін пайдалану жоқ. Сценарийлік талдаудың болмауы жеке маңызды қарыздар бойынша кредиттік тәуекел деңгейінің төмендеуіне немесе бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Going concern және gone concern тәсілдерін пайдалана отырып, жеке қарыздар бойынша ККЗ-ны бағалау кезінде қарыз алушының кредиттік сапасын дамыту сценарийлерін қолдануды қамтамасыз ету қажет.

5. LGD есептеу әдіснамасын жетілдіру

Кредиттік тәуекелді бағалау тәсілдерін талдау барысында LGD көрсеткішін есептеу әдістемесіндегі кемшіліктер анықталды, атап айтқанда, қарызды өндіріп алу ықтималдығы, мүлік кепілін сату мерзімі мен ерекшеліктері, сондай-ақ дефолт қарыздар бойынша нақты қайтару статистикасы жеткілікті түрде ескерілмейді.


LGD анықтау тәсілдерін жетілдіру қажет, атап айтқанда мүлік кепілін өндіріп алу ықтималдығы мен сату мерзімдерін ескеру; дефолт және құнсызданған активтер бойынша қайтарудың өзекті ішкі статистикасы негізінде пайдаланылатын LGD мәндерінің негізділігін қамтамасыз ету;

6. Кредиттік тәуекелді бағалау әдіснамасын және активтерді жіктеуді жетілдіру

Кейбір жағдайларда құнсыздану кезеңдері бойынша қаржы активтерін жіктеу өлшемшарттын қолданудағы сәйкессіздіктер, сондай-ақ кредиттік тәуекел құрауыштары (PD, LGD, EAD) арасындағы сәйкессіздіктер анықталды. Бұл кемшіліктер активтер сапасының және күтілетін кредиттік залалдардың шамасының дұрыс көрсетілмеу тәуекелін арттырады.

Құнсыздану сатылары бойынша қаржы активтерінің ауысу (сыныптау) шарттарының сақталуын және талаптарға сәйкес қарыздарды есепке алудың келісімділігін қамтамасыз ету; олардың ішкі келісімділігін, дұрыс сәйкестендіру, тұрақты тексеруін және портфельдің нақты тәуекел бейініне сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, кредиттік тәуекел құрауыштарын (PD, LGD, EAD) есептеу әдістемесін жетілдіру қажет.

2024-2025 жылдары банк рейтингтерін «IRRBB» санаты бойынша бөлу елеулі құрылымдық өзгерістерді көрсетеді. 2025 жылы жоғары бағаланған банктер үлесінің өсуі байқалады: 1-рейтинг үлесі 5%-дан 14%-ға дейін, ал 2-рейтинг 19%-дан 29%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, 3-рейтингі бар банктердің үлесі айтарлықтай – негізінен банктердің едәуір бөлігін неғұрлым жоғары рейтингтерге қайта бөлу есебінен 71%-дан 48%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте тәуекел деңгейі жоғары банктердің үлесі (рейтинг 4) 5%-дан 10%-ға дейін ұлғайды.



7-диаграмма. Рейтингтердегі өзгерістер (IRRBB)

IRRBB рейтингтерінің өзгеруі IRRBB бағалау және бақылау рәсімдерінің өзгеруіне, сондай-ақ IRRBB іске асырумен байланысты күтпеген шығындар үшін капиталға қойылатын талаптарды есептеу тәсілдеріне байланысты.

IRRBB талдау нәтижелері банктердің IRRBB басқару және бақылау жүйесін, SREP-тің ең жақсы тәжірибелері мен нұсқауларына сәйкес әсерді бағалау әдістемесін белсенді түрде жетілдіріп жатқанын растайды.

IRRBB блогын сапалы бағалау көптеген банктерде IRRBB елеулі тәуекел ретінде танылғанын және тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесіне біріктірілгенін көрсетеді: ΔEVE және ΔNII көрсеткіштері бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткіштері мен лимиттер белгіленді, сондай-ақ экономикалық капиталдың аллокациясы жүзеге асырылуда.

IRRBB блогының сапалық бағасы көптеген банктерде IRRBB елеулі тәуекел ретінде танылғанын және тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесіне біріктірілгенін көрсетеді: ΔEVE және ΔNII көрсеткіштері бойынша тәуекел көрсеткіштері мен лимиттер белгіленді, сондай-ақ экономикалық капиталдың аллокациясы жүзеге асырылуда.

Қадағалау бағалауы жекелеген банктердің ΔEVE және ΔNII метрикаларын есептеу кезінде пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруінің қолайлы сценарийлерін қолданатынын анықтады. Бұл тәжірибе банктің мөлшерлемелердің елеулі ауытқуларына осалдығын және қолайсыз өзгерістерге уақтылы жауап беру мүмкіндігін анықтауды шектейді. Екінші қорғаныс желісінің функциясы деңгейіндегі прогреске қарамастан, үшінші қорғаныс желісінің қызметіндегі кемшіліктер сақталады. Атап айтқанда, соңғы 3 жылдағы ішкі аудит бөлімшелерінің IRRBB басқару рәсімдерін тексеру жоқ.

Сонымен қатар, сандық бағалау IRRBB әсерінің жоғарылағанын анықтады: жекелеген жағдайларда ΔEVE Базель белгілеген CET1 шекті деңгейінен 15%-дан асады, бұл outlier жіктеуішіне сәйкес келеді және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне айтарлықтай осалдығын көрсетеді. Бұл ретте ΔEVE көрсеткішін әртүрлі валюталар бойынша агрегациялау тәсілдеріндегі кемшіліктер анықталды, оған сәйкес пайыздық мөлшерлемелердің корреляциясын әдіснамалық негізделген есепке алмай оң және теріс әсерлердің жай қосындысы қолданылады, бұл IRRBB әсерінің жиынтық деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, бірқатар банктерде Базельдің ұсыныстарына сәйкес ΔEVE/CET1 және ΔNII/CET1 көрсеткіштері бойынша тәуекел дәрежесі жоқ.

IRRBB бағалауына негізделген ұсыныстар

1. Консервативті пайыздық өзгерістер сценарийлерін қолдану

Жекелеген банктерде IRRBB әсерін бағалау кезінде шамалы пайыздық шоктарды (0,5%-1%) пайдалану анықталды, бұл жоғары пайыздық мөлшерлемелер жағдайында маңызды емес. Сонымен қатар, тәуекел дәрежесі мәндері де жеткілікті қолайлы өлшемдерге негізделген, бұл IRRBB бойынша тәуекел-дәрежесі көрсеткішінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Банктер ΔEVE және ΔNII есептеулерінде қолданылатын пайыздық күйзелістердің өлшемдерін қайта қарауы керек, бұл олардың ең жақсы тәжірибеге сәйкестігін және Банктің IRRBB экспозициясын барабар бағалау үшін жеткілікті консервативті болуын қамтамасыз етеді.

2. IRRBB басқару жүйесінің аудитінің болмауы

2-ші қорғаныс желісі жүргізетін IRRBB әсерлілігін бағалаудың тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында бағалау процесіне 3-ші қорғаныс желісінің тұрақты қатысуын қамтамасыз ету қажет. Бірқатар банктерде мерзімді негізде IRRBB бағалау рәсімдеріне аудит жүргізу фактісінің жоқтығы анықталды.

IRRBB басқару жүйесін бағалауды ішкі аудит жоспарына енгізу және осы тәуекелді басқару әдістемесіне, болжамдарына және процестеріне тұрақты тәуелсіз тексерулер жүргізуді қамтамасыз ету.

3. Негізгі көрсеткіштердің әсер ету деңгейін бақылау

Бірқатар банктер IRRBB әсерінің жоғарылауын көрсетеді: пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруімен EVE төмендеуі 15%-дан асуы мүмкін. Базель стандарттарына сәйкес, егер пайыздық шоктан кейін EVE төмендеуі CET1-нің 15%-дан астамын құраса, банк Outlier санатына жатады.

Банктер ΔEVE деңгейін CET1-нің 15% шекті мәніне сәйкес бақылауды қамтамасыз етуі, ішкі тәуекел дәрежесі және осы шектен аспайтын лимиттерді белгілеуі, IRRBB әсерлілігін кезең кезеңімен төмендету жөніндегі шараларды іске асыруы қажет.

4. Тәуекелдің валюталық құрылымын есепке алу

Әр түрлі валюталарда көрсетілген позициялары бар банктер осы валюталардың әрқайсысы бойынша IRRBB тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Сондай-ақ, қисық кірістілігі түрлі валюталар үшін әр түрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бұл ретте, кейбір банктер ΔEVE бағалау тәсілін қолданады, ол валюталар арасындағы оң және теріс әсерлерді өзара есепке алуға мүмкіндік береді, бұл жекелеген валюталық позициялардағы IRRBB нақты әсерінің тегістелуіне әкелуі мүмкін.

Банктер IRRBB-дің валюталар бойынша әсерін бақылауы керек, себебі бұл валюталардың қисық кірістілігі әр түрлі жолдармен корреляциялануы мүмкін. Бұдан басқа, валюталар бойынша оң және теріс әсерлерді өзара есепке алмай консервативті тәсілді қамтамасыз ету және CET1-нің 15%-дан аспайтын деңгейде валюталар бөлінісінде ΔEVE-ді бақылау қажет.

5. Есептеулер мен есептілікті автоматтандыру

ΔEVE және ΔNII көрсеткіштерін есептеу процестері, сондай-ақ басқарушылық есептілікті қалыптастыру автоматтандырудың жеткіліксіз деңгейімен сипатталады, бұл операциялық тәуекелдерді арттырады және ақпарат алудың жеделдігін төмендетеді.


Бұл есептеулердегі қателіктерге және басқарушылық шешімдер қабылдаудағы кідірістерге әкелуі мүмкін.

ΔEVE және ΔNII көрсеткіштерін есептеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу, сондай-ақ басқарушылық есептілікті қалыптастыруды автоматтандыру қажет.

6. Іс-қимыл моделін қолдану емес

IRRBB әсерін есептеу кезінде клиенттердің пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне ден қоюын ескеретін іс-қимыл моделі қолданылмайды. Бұл тәуекелді бағалаудың дәлдігін шектейді және стрестік жағдайда клиенттердің нақты іс-қимылын көрсетпейді. IRRBB әсерін есептеу кезінде нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне жауап ретінде клиенттердің ден қоюын ескеретін іс-қимыл моделін қолдануды қамтамасыз ету қажет.

8-диаграммада «Нарықтық тәуекел» санаты бойынша рейтингтердің өзгерістері көрсетілген. 2 және 3 рейтингтер бойынша 1 рейтинг үлесінің төмендеуі есебінен үлестің айтарлықтай өсуі байқалады. Мәселен, 1 рейтингі бар банктердің үлесі 2 рейтингі бар банктердің негізгі бөлігі шоғырланған үлестің елеулі өсуімен бір мезгілде **52%-дан 24%-ға** дейін төмендеді. Сондай-ақ 3-рейтингі бар банктер үлесінің **5%-дан 10%-ға дейін** өсуі байқалады, бұл ретте 3-рейтинг әлі де ең аз ұсынылған болып қалады. Тәуекелі жоғары банктер (4-рейтинг) екі кезеңде де жоқ.



8-диаграмма. Рейтингтердегі өзгерістер (нарықтық тәуекел)

Нарықтық тәуекел бойынша рейтингтердің өзгеруі бүкіл банк шеңберінде және банктің бүкіл сауда портфеліне қатысты нарықтық тәуекелді басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты.

Нарықтық тәуекелді талдау нәтижелері банктердің SREP-тің озық практикасымен мен ұсыныстарына сәйкес нарықтық тәуекел бойынша ішкі капиталды анықтау рәсімдері мен қолданылатын модельдерін белсенді түрде жетілдіріп отырғанын растайды.

Сапалық бағалау нәтижелері бойынша жекелеген банктердің қызметінде бірқатар оң үрдістер байқалады. Атап айтқанда, бұрын анықталған кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, алдыңғы SREP циклінің қорытындылары бойынша қалыптастырылған іс-шаралар жоспарларын іске асыруда прогресс байқалады.

Банктер есепті кезең ішінде тәуекел дәрежесінің белгіленген көрсеткіштерін және тиісті лимиттерді сақтауды қамтамасыз етеді, бұл тәуекелдерді басқару тәртібінің жоғарылағанын көрсетеді. Бұдан басқа, нарықтық тәуекелдерді бағалаудың дәлдігі мен жеделдігін арттыруға ықпал ететін тәуекел-метрикаларды жинау, сақтау және есептеу процестерін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Көптеген банктерде сапалы әдіснамалық база қалыптастырылды: ішкі саясаттар, рәсімдер және жалпы алғанда банктің қызметін де, сауда портфелі шеңберіндегі операцияларды да қамтитын нарықтық тәуекелді басқарудың кешенді жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.

Бұл ретте жекелеген банктердің нарықтық тәуекелін басқарудың ағымдағы практикасында жетілдіруді талап ететін кемшіліктер бар. Атап айтқанда, нарықтық тәуекелдерді бағалаудың озық модельдерін пайдалану жоқ, бұл ретте негізінен тарихи VaR қолданылады. Базель тәсілдеріне сәйкес экономикалық капиталды есептеу үшін ES моделі қолданылмайды. Шетел валютасында номинирленген бағалы қағаздардың елеулі үлесі болған кезде портфельде хеджирлеу құралдары қолданылмайды. Жекелеген жағдайларда ұзақ мерзім (бес жылдан астам) бойы нарықтық тәуекел бойынша ішкі құжаттарды жаңартудың болмауы анықталды. Сонымен қатар, үшінші қорғаныс желісінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілмейді: ішкі аудит соңғы үш жыл ішінде нарықтық тәуекелдерді басқару рәсімдерін тексерген жоқ.

Нарықтық тәуекелді бағалау негізіндегі ұсынымдар

1. Нарықтық тәуекелді бағалау тәсілдерін жетілдіруеру

Expected Shortfall VaR моделіне бірқатар артықшылықтарға ие және консервативті болып табылады, себебі олардың шекті мәні ғана емес, бөлудің артынан болатын шығындардың орташа мөлшерін ескереді. Бұдан басқа, ES нарықтық тәуекелді бағалаудың алдыңғы қатарлы модельдері шеңберінде VaR тәсілін толықтыру және жетілдіру ретінде пайдаланылады. Жекелеген жағдайларда банктердің нарықтық тәуекелге ұшырағыштығын бағалау кезінде қарапайым VaR-тәсілді (historical simulation) пайдаланумен шектелетіні анықталды.

Банктер бағалау дәлдігін арттыру және нарықтық тәуекелді басқару процестерін жақсарту үшін неғұрлым озық VaR және ES модельдерін әзірлеуі және енгізуі қажет.

2. Нарықтық тәуекелдерді басқару жүйесіне аудиттің болмауы

2-қорғаныс желісі жүргізетін нарықтық тәуекелге ұшырағыштықты бағалаудың тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында 3-қорғаныс желісінің бағалау процесіне тұрақты түрде қатысуын қамтамасыз ету қажет. Бірқатар банктерде мерзімдік негізде нарықтық тәуекелді бағалау рәсімдеріне аудит жүргізу фактісінің болмауы анықталды.

Ішкі аудит жоспарына нарықтық тәуекелді басқару жүйесін бағалауды енгізу және осы тәуекелді басқару әдіснамасына, жол берулері мен процестеріне тұрақты тәуелсіз тексерулер жүргізуді қамтамасыз ету.

3. Ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру

Нарықтық тәуекел саласындағы қолданыстағы ІНҚ нормативтік талаптар мен сыртқы ортаның өзгерістерін ескере отырып, өзектендірілмейді, бұл олардың банк қызметінің ағымдағы шарттарына ішінара сәйкес келмеуіне алып келеді. Бұл іс жүзінде ІНҚ қолданылуын төмендетеді және регламенттелетін процестердің тиімділігін шектейді.

Ағымдағы нарықтық шарттар мен заңнама талаптарына сәйкес келу үшін неғұрлым тұрақты негізде нарықтық тәуекел бойынша ІНҚ өзектендіруді қамтамасыз ету қажет.


4. Валюталық және пайыздық тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру

Бірқатар банктерде бағалы қағаздар портфельдерінің валюталық және пайыздық тәуекелдерге жоғары бейімділігі байқалады, бұл ретте оларды шектеу мен хеджирлеу тәсілдері жеткілікті түрде жүйелі емес болып қалып отыр. Жекелеген жағдайларда шоғырлануға және дюрацияға арналған лимиттер, сондай-ақ хеджирлеу құралдары толық көлемде қолданылмайды, бұл нарықтық факторлардың қолайсыз өзгерістеріне портфельдің сезімталдығының өсуіне әкелуі мүмкін.

Бағалы қағаздар портфелі бойынша валюталық және пайыздық тәуекелді басқаруды, оның ішінде хеджирлеу құралдарын пайдалану және шоғырландыру мен дюрация бойынша лимиттерді белгілеу арқылы күшейту қажет.

«Операциялық тәуекел» блогы бойынша бағалау нәтижелері рейтингтер бойынша бөлудегі құрылымдық өзгерістер туралы куәландырады. «2» рейтингінің үлесі «3» рейтингінің үлесін 10%-дан 5%-ға дейін және 4-рейтингтің үлесі нөлге дейін қысқаруы есебінен 57%-дан 76%-ға дейін айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, тәуекелі төмен банктердің үлесі есепті кезеңде 10%-ға төмендеді.

Рейтинг Operational Risk



9-диаграмма. «Операциялық тәуекел» блогы бойынша рейтингтердегі өзгерістер

Банктердің қызметінде операциялық тәуекелді басқарудың жүйелі тәсілін дамыту байқалады. Атап айтқанда, деректердің ішкі және сыртқы көздерін, сценарийлік талдау құралдарын, сондай-ақ өзін-өзі бағалау рәсімдерін пайдалана отырып, операциялық тәуекелді кешенді бағалау ұйымдастырылды, бұл оны есептеудің әдіснамалық тәсілдерін жетілдірумен сүйемелденеді.

Жекелеген банктерде операциялық тәуекелдің ірі оқиғаларына оларды барынша азайтуға және қайта туындаудың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін қолдана отырып, терең талдау жүргізіледі. Бұдан басқа, операциялық тәуекелді басқару рәсімдері мен процестерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар сапасының жоғары деңгейі байқалады, бұл тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Банктерде операциялық тәуекелдерді басқарудың ағымдағы тәжірибесінде одан әрі жақсартуды талап ететін салалар бар.

Операциялық тәуекелді басқару жүйелерін талдау нәтижелері бойынша жекелеген жағдайларда банктер ішкі көздерден іске асырылған сценарийлерді пайдаланатыны анықталды. Сценарийлік талдау шығындар туралы сыртқы оқиғаларды банктің ішкі процестерімен салыстыруды және операциялық тәуекелдің ықтимал туындау жағдайларын анықтауды болжайды.

Жекелеген ішкі нормативтік құжаттар бірнеше жыл бойы қайта қаралмайды және өзектендірілмейді. Бұл жағдай ішкі рәсімдердің қолданыстағы заңнамаға, реттеушінің талаптарына және нақты ұйымдық құрылымға әлеуетті сәйкес келмеуі туралы, сондай-ақ қызметкерлердің тәуекелдерді басқару кезінде ескірген практикаларды қолдану тәуекелі туралы куәландыруы мүмкін. Нормативтік базаны уақтылы өзектендірудің болмауы реттеушілік бұзушылықтар, қадағалап ықпал ету шараларын қолдану, операциялық қателердің туындауы, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігінің төмендеуі және корпоративтік басқарудың жалпы деңгейінің нашарлау ықтималдығын арттырады.

Операциялық тәуекелді бағалау негізіндегі ұсынымдар

1. Ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру

Қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттар нормативтік талаптар мен сыртқы ортаның өзгерістерін ескере отырып өзектендірілмейді, бұл олардың банк қызметінің ағымдағы шарттарына ішінара сәйкес келмеуіне алып келеді. Бұл ІНҚ-ның іс жүзінде қолданылуын азайтады және реттелетін процестердің тиімділігін шектейді. Нормативтік актілердің, нарықтық жағдайлардың және Банктің ішкі практикасының өзгерістерін ескере отырып, ІНҚ-ны үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз ету қажет.

2. Тәуекелдерді талдау сценарийі

Ағымдағы тәсілдер гипотетикалық және стрестік сценарийлерді толық есепке алмайды және банктің бұрын анықталмаған тәуекелдерді уақтылы анықтау мүмкіндігін шектейді.

Бұрын анықталмаған тәуекелдерді, соның ішінде стрестік оқиғаларды талдау және анықтау үшін гипотетикалық сценарийлерді қолдануды қамтамасыз ету ұсынылады.

3. Тәуекелдің негізгі индикаторларын талдау

Ішкі тәуекел индикаторларының бұзылу себептерін талдау шектеулі сипатқа ие және әрқашан Банктің олардың қайта пайда болуына жол бермеу қабілетін төмендетіп, жүйелі түзету шараларын әзірлеуге әкеле бермейді.

Анықталған себептерді жоюға бағытталған тиімді түзету шараларын кейіннен іске асыра отырып, ішкі тәуекел индикаторларының бұзылу себептеріне терең талдау жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

03

Корпоративтік басқару

SREP қадағалап бағалауының шеңберінде жыл сайын банктердің корпоративтік басқару мен ішкі бақылау жүйесін жан-жақты бағалау жүзеге асырылады, ол басқару құрылымының тиімділігін, қабылданатын басқарушылық шешімдердің сапасын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің даму деңгейін айқындауды көздейді.

Бағалау барысында банктердің орнықтылығын, тәуекелдерді тиімді идентификаттауды, бағалау мен бақылауды қамтамасыз ететін корпоративтік басқару тетіктері қаралады. Сонымен бірге, корпоративтік басқаруды бағалау банктерді заңнама мен реттеуші актілер талаптарының сақтауы тұрғысынан тексеруді қамтиды.

Банктердің корпоративтік басқару жүйесін кешенді талдау мынадай элементтерді қамтыды:

- » корпоративтік мәдениет пен ұйымдық құрылымның банк қызметінің ауқымына, сипаты мен күрделілігіне сәйкестігі;
- » Директорлар кеңесі бекіткен даму стратегиясының болуы, оның сапасы және қабылданатын тәуекелдер деңгейіне және белгіленген тәуекел дәрежесіне сәйкестігі;
- » Директорлар кеңесі, Комитеттер мен Басқарма қызметінің тиімділігін бағалау (өкілеттіктердің аражігін ажыратуды және басқару органдары арасында жауапкершілікті бөлуді қоса алғанда);
- » ішкі және сыртқы аудит қызметінің сапасы мен тиімділігін бағалау;
- » тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің толыққанды дамуы мен тиімділік дәрежесі;
- » сыйақы құрылымын бағалауды қоса алғанда, сыйақы жүйесін және банк қызметінің ұзақ мерзімді мақсаттарына және қабылданатын тәуекелдер деңгейіне сәйкестігін бағалауды талдау;
- » басқарушылық есептіліктің сапасы (оны дайындау және уәкілетті алқалы органдардың қарауына шығару мерзімдерін сақтауды қоса алғанда).

SREP-тің алдыңғы циклінің нәтижелері бойынша банктердің іс-шаралар жоспарларына корпоративтік басқару мен ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар енгізілді. Атап айтқанда, басшы қызметкерлерді дамытудың жеке жоспарларын жасау, директорлар кеңестері мен олардың комитеттерінің жұмыс жоспарларын әзірлеу және бекіту, директорлар кеңестері отырыстарының құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, оның қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу, сондай-ақ банктердің негізгі процестеріне мерзімді ішкі аудитті ұйымдастыру көзделген. Көрсетілген іс-шараларды іске асыру есепті кезеңде оң серпінді көрсетіп отыр: көптеген банкте оларды орындаудағы прогресс байқалады, бұл басқару процестерінің ашықтығын арттыруға, ішкі бақылау жүйесін және корпоративтік басқарудың жалпы тиімділігін нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен бірге, корпоративтік басқару мен ішкі аудит жүйелерінің қолданыстағы жүйелерінде дәйекті түрде пысықтауды талап ететін жекелеген кемшіліктер мен салалар сақталып отыр.

Акционерлік қоғамдар туралы заң мен №188 қағидаларды қоса алғанда, қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамаудың жекелеген жағдайлары анықталды. Сондай-ақ, директорлар кеңесі мүшелерінің өзге банктерде лауазымдарды қоса атқару, сондай-ақ директорлар кеңесінің бірнеше комитетінде бір адамның төрағалық ету функцияларын шоғырландыру фактілері анықталды, бұл корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ, директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының едәуір бөлігін сырттай өткізу практикасы байқалады, бұл негізгі мәселелерді талқылау сапасын және басқару органдары мүшелерінің қатысу деңгейін шектеуі мүмкін. Көрсетілген аспектілер корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында одан әрі көңіл бөлуді және оларды жою жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Қадағалап бағалау барысында бірқатар банктерде жылдық аудиторлық жоспарларды қалыптастыру кезінде тәуекелге негізделген тәсілдің толық деңгейде қолданылмайтыны анықталды. Атап айтқанда, негізгі тәуекелдерді бағалау нәтижелері, олардың серпіні мен банк қызметі үшін басымдығы жеткілікті деңгейде ескерілмейді, бұл ішкі аудит ресурстарының тепетең бөлінбеуіне алып келуі мүмкін. Тәуекелге негізделген әдістерді шектеулі пайдалану аудиторлық рәсімдердің тиімділігін азайтады, тәуекелдің неғұрлым маңызды тұстарын уақтылы сәйкестендіруге кедергі келтіреді және аса маңызды бағыттарға басты назар аудара отырып, ішкі аудитті жоспарлау әдіснамасын одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Банктердің АТ-жүйелерін белсенді дамыту және жасанды интеллект технологияларын енгізу жағдайында ақпараттық жүйелер аудитінің және деректерді басқару рәсімдерінің маңыздылығы едәуір артады. Бірқатар банкте АТ аудиті саласындағы білікті мамандардың тапшылығы сақталуда, ішкі тексерулер жүргізу рәсімдерінің жетілмегендігі, сондай-ақ бұрын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асырудағы кемшіліктер байқалады.

«Корпоративтік басқару» блогын бағалау негізіндегі ұсынымдар

1. Комитеттердегі рөлдерді бөлу

Комитеттер төрағаларының функцияларын шоғырландыру шектеулі адамдар тобында олардың жұмысының тәуелсіздігін төмендетеді және негізгі мәселелерді қарау кезінде тәсілдерді шектейді, сондай-ақ талқылаулардың ресми сипаты мен Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің жеткілікті деңгейде тартылмау тәуекелін арттырады.

Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында жауапкершілікті барынша теңгерімді бөлуді және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруды қамтамасыз ете отырып, Комитеттер төрағаларының функцияларын Директорлар кеңесінің әртүрлі мүшелерінің арасында қайта бөлу қажет.

2. Отырыстардың форматы

Отырыстарды өткізудің сырттай форматының басымдыққа ие болуы мәселелерді терең талқылау мүмкіндігін шектейді және қатысушылардың қатысу деңгейін азайтады, бұл қызметтің стратегиялық және тәуекелге негізделген аспектілерін қарау кезінде ерекше маңызды. Нәтижесінде жекелеген мәселелер жан-жақты пысықталмауы мүмкін.

Пікірталастардың сапасын арттыру, шешімдерді дайындауды жеделдету және бақылау функциясын күшейту мақсатында Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қатысу арқылы өтетін отырыстарының санын ұлғайту ұсынылады.

3. Тәуекелге бағдарланған тәсіл

Аудиторлық тексерулерді жоспарлау толық деңгейде тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделмеген, соның салдарынан ішкі аудит ресурстарын пайдаланудың тиімсіздігі және оның жалпы тиімділігінің төмендеуі туындайды.

Тәуекел дәрежесін, іске асыру ықтималдығын, маңыздылығын және ықтимал залалды бағалау негізінде тексеру объектілеріне басымдық бере отырып, тәсілдерді қайта қарау және аудитті тәуекелге негізделген жоспарлауға көшу ұсынылады.

4. Ішкі аудитті тәуелсіз бағалау

Ішкі аудит қызметін тұрақты тәуелсіз бағалаудың болмауы оның тиімділігін объективті тексеру және даму бағыттарын уақтылы анықтау мүмкіндігін шектейді. IT-инфрақұрылымы мен онымен байланысты тәуекелдердің қарқынды дамуы жағдайында тәуелсіз бағалаудың маңызы аса зор болады. Алдағы уақытта түзету шараларының жоспарларын әзірлей отырып, қолданылатын IT-жүйелерді бағалауды қоса алғанда, кәсіби ұйымдарды тарта отырып, ішкі аудитті тәуелсіз сыртқы бағалауды тұрақты түрде жүргізу ұсынылады.

5. Ішкі аудит ресурстары

Ішкі бақылау және аудит бөлімшелерін ресурстық қамтамасыз етудің ағымдағы деңгейі бірқатар жағдайларда міндеттер көлеміне, тәуекелдер деңгейіне және күшейтілетін реттеушілік талаптарға сәйкес келмейді. Бақылаудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету, тексерулердің сапасын арттыру және бұзушылықтарды уақтылы анықтау мақсатында бөлімшелердің штатын кеңейтуді қарастыру қажет.

6. Тәуелсіз директорлармен жұмысты регламенттеу

Тәуелсіз директорларды тағайындау, сайлау және сыйлықақы беру процестерін реттейтін қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттар рәсімдердің ашықтығын және олардың корпоративтік басқарудың үздік практикаларына сәйкестігін толық деңгейде қамтамасыз етпейді.

Тәуелсіз директорларды іріктеудің, тиімділігін бағалаудың және сыйақы беру қағидаттарының нақты өлшемшарттарын белгілеуді қоса алғанда, көрсетілген процестерді ресімдеу және нақтылау бөлігінде ішкі нормативтік құжаттарды пысықтау қажет.

7. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін тұрақты түрде тәуелсіз бағалаудың болмауы олардың тиімділігін объективті талдау және даму салаларын анықтау мүмкіндігін шектейді.


Үздік практикаларға сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін тәуелсіз бағалауды алдағы уақытта нәтижелерді корпоративтік басқару практикасын жетілдіру және алқалы органдар жұмысының тиімділігін арттыру үшін пайдалана отырып, мамандандырылған ұйымды тарту арқылы жүргізу ұсынылады.

04

Өтімділік

2-диаграммада «Өтімділік тәуекелі» санаты бойынша рейтингтердің өзгерістері көрсетілген. Банктердің негізгі шоғырлануы 2-рейтингте сақталады, бұл ретте оның үлесі 71%-дан 67%-ға аздап төмендеген. 3 және 4 рейтингі бар банктердің үлесі тиісінше 24% және 5% деңгейінде сақталған. Тәуекел деңгейі төмен (1-рейтинг) банктер үлесінің 0%-дан 5%-ға дейін аздап өсуі байқалады.

Liquidity Risk рейтингі



10-диаграмма. Өтімділік тәуекелінің рейтингтеріндегі өзгерістер

Өтімділік тәуекелі бойынша рейтингтердің өзгерістері өтімділік тәуекелдерін анықтау, өлшеу және басқару процестеріндегі өзгерістерге негізделген.

Өтімділік тәуекелін талдау нәтижелері банктердің өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестерін белсенді түрде жетілдіріп жатқанын, өтеу мерзімдері бойынша активтер мен пассивтердің ағымдағы және болашақ құрылымдарын ескере отырып, өтімділік және қорландыру тәуекелдерін өлшеу үшін қолайлы құралдарға иелік ететінін растайды.

Өтімділік тәуекелі блогын сапалы бағалау былтырғы SREP циклының нәтижелері бойынша қадағалап ден қою шараларының шеңберінде іс-шаралар жоспарын орындаудағы прогресті көрсетеді. Мәселен, кейбір банктерде былтырғы SREP циклының ұсынымдарына сәйкес жекелеген банктердің қызметінде тұрақты қорландыруды қамтамасыз ету және қарыздар мен салымдар арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін өнімдер желісін кеңейтуді қоса алғанда, ұзақ мерзімді депозиттерді ұлғайту жөнінде шаралар қабылдануда. Сонымен қатар ірі депозиторлар бойынша шоғырландыруды шектеу арқылы қорландыру көздерін әртараптандыру қамтамасыз етілуде, сондай-ақ өтімділігі жоғары активтердің жеткілікті қоры сақталуда. Сонымен бірге бірқатар банктерде өтімділікті күндізгі негізде есептеудің және басқарушылық есептілікті қалыптастырудың автоматтандырылған жүйелері енгізілуде.

Бұл ретте жекелеген банктердің өтімділік тәуекелін басқарудың ағымдағы практикасында жетілдіруді талап ететін кемшіліктер бар. Атап айтқанда, түрлері, мерзімдері, валюталары және контрагенттері бойынша шоғырландырудың сандық лимиттері жоқ, сондай-ақ қорландыруды әртараптандыру мақсаттары және қорландыру көздерінің өлшемдері айқындалмаған. Іс-қимыл алгоритмі және шараларды басымдығы бойынша саралау көзделмеген, сценарийлік жоспарлар, жауапкершілік матрицасы және КЖҚЖ тестілеу тәртібі жоқ. Сонымен қатар, ішкі және сыртқы коммуникация рәсімдері регламенттелмеген, сондай-ақ ерте ден қою индикаторларының шараларды іске қосу тетіктерімен байланысы қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар жекелеген жағдайларда банктер №188 қағидаларда белгіленген ең төменгі тізбеде тікелей көзделген стрес-тестілеу сценарийлерді қолданбайды. Сондай-ақ сапалық және сандық триггерлер, маңызды индикаторлар бойынша шекті мәндерді қоса алғанда, эскалация және түзету іс-қимылдарының тәртібі белгіленбеген.

«Өтімділік» блогын бағалау негізінде берілетін ұсынымдар

1. КЖҚЖ толыққандылығы мен қолданылуы

Ағымдағы КЖҚЖ құрылымы нақтыланған лимиттердің, іс-қимылдар алгоритмдерінің және жауапкершілікті бөлудің болмауын қоса алғанда, оның стрестік жағдайларда практикалық қолданылуын толыққанды қамтамасыз етпейді. Бұл Банктің дағдарыстық жағдайларға жедел ден қою қабілетін шектейді. Шоғыраландырудың сандық лимиттерін (түрлері, мерзімдері, валюталары және контрагенттері бойынша) белгілеуді, ден қою алгоритмдерін және іс-әрекеттерді басымдығы бойынша саралауды, сондай-ақ жауапкершілікті бөлу матрицсын, коммуникация рәсімдерін және нәтижелерді құжаттаумен тұрақты тестілеуді енгізуді қоса алғанда, КЖҚЖ толыққандылығы мен практикалық қолданылуын қамтамасыз ету қажет.

2. КЖҚЖ процестерін және есептілікті регламенттеу

ІНҚ есептілікті дайындау, келісу және бекіту процестерін, сондай-ақ КЖҚЖ шеңберіндегі рәсімдерді жеткілікті түрде нақтыламайды, бұл осы процестердің ашықтығы мен басқаруды төмендетеді. ІНҚ-да Директорлар кеңесі үшін есепті бекіту мерзімдері мен тәртібін, оны дайындау және тексеру үшін бөлімшелердің жауапкершілігін, сондай-ақ жаңа өнімдерді келісу және **КЖҚЖ** жыл сайынғы өзін-өзі тексеруді жүргізу рәсімдерін бекіту қажет.

3. Стресс-тестілеуді жаңарту

Стресс-тестілеудің қолданыстағы әдісі міндетті сценарийлердің толыққанды қамтымайды және олқылықтарды және нәтижелерді қарау рәсімдерін жеткіліксіз рәсімдеумен сипатталады, оның салдарында алынатын сенімділік және алынатын бағалардың қайталануы төмендеді. Барлық міндетті сценарийлерді қамтуды, олқылықтарды құжаттауды, КЖҚЖ-мен байланысты қамтамасыз етуді және нәтижелерді Директорлар кеңесінің деңгейінде қарау тәртібін бекітуді қоса алғанда, стресс-тестілеу әдістемесін жаңарту қажет.

4. Ерте индикаторлар жүйесі (EWI)

Ерте индикаторлар (EWI) тізбесі және онымен байланысты рәсімдер ІНҚ-да толыққанды рәсімделмеген, бұл ерте ден қою жүйесінің тиімділігін төмендетеді және Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлау белгілерін уақтылы анықтау және алдын алу шараларын қабылдау қабілетін төмендетеді. ІНҚ-да белгіленген шекті мәндермен, эскалация тәртібімен және оларды КЖҚЖ-мен ықпалдастырумен EWI тізбесін бекіту қажет.

5. Ауытқуларды мониторингтеу және ден қою

Ауытқуларды мониторингтеу, құжаттау және талдау процестері жүйесіз іске асырылған, стрестік оқиғаларды уақтылы анықтау және ден қоюды шектейді және одан әрі жағымсыз салдарлардың көбеюіне алып келетін басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдамау тәуекелін арттырады. Стрестік оқиғаларға уақтылы ден қою және олардың әсерін барынша азайту мақсатында ауытқуларды тұрақты мониторингтеуді, құжаттауды және талдауды қамтамасыз ету ұсынылады.

ҚАДАҒАЛАУ ҮСТЕМАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

БҚБК 2-құрауышының қағидаттарына сәйкес банктер өз тәуекелдерін жабу үшін капиталдың, оның ішінде 1-құрауыш бойынша капиталға қойылатын ең төмен талаптар шеңберінде есепке алынбаған капиталдың жеткілікті деңгейіне ие болуға тиіс.

Сондай-ақ, 2-құрауышта қадағалау органдары банктердің капиталға деген өз қажеттілігін тәуекел деңгейіне қатысты қаншалықты орынды айқындайтынын бағалайтыны және қажет болған кезде тиісті шараларды қабылдайтыны көзделген. Осылайша, қадағалау үстемеақысы анықталған шамадан тыс тәуекелдерге, капитал жеткіліксіздігіне немесе тәуекелдерді басқарудағы кемшіліктерге жедел ден қоюға мүмкіндік бере отырып, банктер мен реттеушілердің арасындағы белсенді қарым-қатынас жасауға ықпал етеді. Нәтижесінде тәуекелдерді төмендету, анықталған кемшіліктерді жою немесе капиталды ұлғайту жөніндегі шаралар қолданылуы мүмкін.

Қадағалау үстемеақысы (Pillar 2 Requirement, P2R) Агенттік белгілейтін, банктің капиталына қойлатын міндетті пруденциялық талап болып табылады және 1-құрауыштың шеңберінде есепке алынбаған немесе ішінара есепке алынған тәуекелдерді қадағалап бағалауды көрсетеді.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамыту шеңберінде 2023 жылы Агенттік қадағалау үстемеақысының ішкі әдіснамасын әзірледі және бекітті, ол оның шамасын айқындау кезінде сараланған матрицалық тәсілді қолдануды көздейді, банктің меншікті капиталына белгіленеді және негізгі капитал (k1) есебінен 56,25%-дан кем болмайтын, бірінші деңгейдегі капитал (k1-2) есебінен 75%-дан кем болмайтын шамада жабылады.

№170 қағидаларда қадағалау үстемеақысының мынадай түрлері айқындалған:

- тәуекелдерді ескере отырып сараланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0-ден 6%-ға дейінгі ауқымы бар банктер, тұрақты AQR қатысушылары үшін SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша үстемеақы;
- тәуекелдерді ескере отырып сараланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0-ден 3%-ға дейінгі ауқымы бар тұрақты AQR аясына кірмеген банктер үшін SREP нәтижелері бойынша үстемеақы.

КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚАДАҒАЛАУ ҮСТЕМААҚЫСЫ

AQR аясына кірген банктер		AQR аясына кірмеген банктер	
Негізгі капитал (к1)	5,5%	Негізгі капитал (к1)	5,5%
Бірінші деңгейдегі капитал (к1-2)	6,5%	Бірінші деңгейдегі капитал (к1-2)	6,5%
Меншікті капитал (к2)	8%	Меншікті капитал (к2)	8%
SREP және AQR нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы	0-6%	SREP нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы	0-3%
Мін капитал + қадағалау үстемеақысы			
Консервациялық буфер	2,5-3%	Консервациялық буфер	2,5-3%
ҚСТ нәтижелері бойынша буфер	0-3%	ҚСТ нәтижелері бойынша буфер	0-3%

* жүйелік буфер 1%-ды құрайды

** капиталдың контрциклдік буферін және секторлық контрциклдік буферін ҚР ҰБ белгілейді

Капитал буферлері

SREP нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы, SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы жыл сайын белгіленеді және тиісті үстемеақының жаңа мөлшері белгіленгенге дейін жарамды.

Қадағалау үстемеақысы банктерге қатысты негізгі шара болып табылады және ең төменгі пруденциялық нормативтерге дара қосымша талап болып табылады және оны енгізу жекелеген банктің тәуекелдің дара факторларын капиталға қойылатын талаптарға толық енгізуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты AQR және қадағалау стресс-тестілеу сияқты екі қосымша қадағалау құралын SREP-пен қатар жалпы қадағалау процесіне біріктіреді.

Осылайша, тәуекелдерді басқарудағы кемшіліктер банктер үшін материалдық әсер етеді. Сондай-ақ, белгіленген қадағалау үстемеақысының мөлшерін банктер стратегияны, бюджетті, тәуекел деңгейі стратегиясын және стресс-тестілеу сценарийлерін қалыптастыру кезінде ескеруі тиіс екенін атап өтеміз.

ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

2025 жылы Агенттік екінші деңгейдегі 13 банкке 21 қадағалап ден қою шарасын, оның ішінде 13 ұсынымдық шара мен 8 жазбаша ұйғарым қолданған. Оларды орындау мақсатында 500 іс-шараны қамтитын іс-шаралар жоспары әзірленді. Орындалу мониторингі көрсеткендей, есепті күнге 350 іс-шара іске асырылды, бұл жалпы көлемнің 70%-ын құрайды.



Қадағалап ден қою шаралары цифрмен

13 банк	21 шара
шаралар қолданылды	13 ұсынымдық шара 8 ұйғарым
500	350
іс-шаралар	орындалды

70% орындалды

350

500

Іс-шаралар жоспарларын орындау мониторингінің нәтижелері бойынша оларды іске асыруда кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, банктердің іс-шаралардың орындалу барысы туралы есептік ақпаратты ұсыну мерзімдерін сақтамауы, іске асыру мерзімдерінің бұзылуы және олардың орындалу сапасының жеткіліксіздігі, сондай-ақ оларды ұзарту қажеттілігін тиісті негіздемесіз орындалу мерзімдерінің жиі ұзартылуы байқалады, бұл іс-шаралардың жаңа жоспарларын әзірлеу мен орындауды қадағалап бақылауын күшейту қажеттілігін негіздейді.

SREP-тің ОДАН KEЙІНГІ БАҒЫТТАРЫ

2026 жылы Агенттік 2025 жылғы SREP нәтижелері бойынша айқындалған негізгі бағыттар бойынша іс-шараларды іске асырады.

Корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде қадағалау қызметі қадағалап бағалауының қорытындылары бойынша тиімділігі төмен деп танылған процестерді тереңдетілген талдауға шоғырланатын болады. Атап айтқанда, директорлар кеңестері құрамының және комитеттер қызметінің құзыреті мен тәуелсіздігінің жеткіліктілігін бағалауға, басқару органдарының отырыстарын өткізу форматын және қабылданатын шешімдердің тиімділігін, корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізу практикасын, негізгі процестерді ішкі аудитпен қамту кезеңділігін, ішкі аудит және тәуекел-менеджмент бөлімшелерінің кадр ресурстарының жеткіліктілігін, сондай-ақ АТ-тәуекелдерін басқару және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы сараптаманың болуы және дамуына назар аударылатын болады.

Капитал тәуекелдері бөлігінде қадағалау қызметі бағалау қорытындылары бойынша күшейтіледі және кредиттік тәуекел модельдерін тексеруге қойылатын талаптардың сақталуын тексеруге және стресс-тестілеу практикаларын одан әрі дамытуға және нарықтық және валюталық тәуекелді бағалау құралдарын кеңейтуге, өтімділік тәуекелін, банктердің операциялық тәуекелді басқару және басқару есептілігінің сапасын арттыру тәсілдерін жетілдіруге, тәуекел-дәрежені қалыптастыруды және неғұрлым консервативті стресс-сценарийлерді қолдануды қоса алғанда, IRRBB басқаруға қойылатын талаптарды қатаңдату, сондай-ақ кейінгі кезеңдерде анықталған кемшіліктерді жою мониторингінде шоғырландырылады.

2025 жылғы SREP қадағалап бағалаудың қорытындылары бойынша алдыңғы циклдегідей жекелеген банктерге қатысты қадағалап ден қою шаралары қолданылатын болады. Анықталған кемшіліктерді жою үшін банктер стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді бағалау және басқару процестерін жетілдіру, ішкі бақылауды күшейту және корпоративтік басқару сапасын арттыру жөніндегі нақты қадамдарды көздейтін іс-шаралар жоспарын әзірлеуі және іске асыруы қажет.

2026 жылы SREP әдіснамасын жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады. Осы процесс шеңберінде нарықтық ахуал мен банк секторының ағымдағы жағдайларының өзгерістерін ескере отырып, бағалау кезінде пайдаланылатын сандық және сапалық көрсеткіштерді өзектендіру жоспарлануда.

Жоғарыда көрсетілген қадағалау іс-шаралары жүйелік тәуекелдерді төмендетуге, банк жүйесінің тұрақтылығын арттыруға, сондай-ақ банк секторына ашықтық пен сенімділікті арттыруға ықпал ететін болады.

SREP процесін жетілдірудің негізгі кезеңдерінің бірі - қадағалау қызметін цифрландыру. Бұл қадам қазіргі заманғы технологиялар мен цифрлық шешімдерді қадағалау рәсімдеріне енгізуді көздейді, бұл деректерді талдаудың тиімділігі мен жылдамдығын едәуір арттырады.

2025 жылы Агенттік SREP қадағалау рәсімін автоматтандыру процесін жалғастырды. SREP-тің әзірленген Web-қосымшасына қосымша қадағалау процесін цифрландырудың тиімділігі мен деңгейін арттыру мақсатында SREP-тің қадағалау бағасына жасанды интеллект құралдарын кезең-кезеңімен енгізуге бағытталған SREP AI бағдарламасы бастамашылық жасады.

Болашақта банк заңнамасына жаңа заңнамалық түзетулерді ескере отырып, талдамалық функционалды кеңейтуді және деректер қоймалары бар интеграцияны және ақпаратты автоматтандырылған өңдеуді енгізуді қоса алғанда, SREP Web-қосымшасын жетілдіру көзделген.

ҚОРЫТЫНДЫ

2025 жылғы SREP жыл сайынғы қадағалау бағасы Агенттіктің банктік қадағалауға тәуекелге бағдарланған тәсіл шеңберінде жүргізген кезекті бағалауы болды. Алынған тәжірибе банктердің қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және корпоративтік басқару мен ішкі бақылаудың даму деңгейін түсінуді кеңейтуге мүмкіндік берді. Осы есеп бағалаудың қорытынды нәтижелерін, негізгі қорытындыларды, пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құндылықты білдіре отырып және Қазақстанның банк секторының тұрақтылығын неғұрлым терең түсінуге ықпал ете отырып, байқаулар мен ұсынымдарды қамтиды.

2025 жылы SREP бағалау периметріне 21 банк кірді, оның ішінде 7 банк «тәуекелі төмен», 7 банк - «тәуекелі орташа төмен», 5 банк - «тәуекелі орташа жоғары» және 2 банк - «тәуекелі жоғары» деп танылды.

Бұдан басқа, бағалау қорытындылары бойынша капиталға 0-ден 4,5%-ға дейінгі аралықта қадағалау үстемелері қолданылды. Тиісті шешімдерді Агенттік пен Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен Пруденциялық реттеу саясаты жөніндегі комитет 2025 жылғы желтоқсанда қарап, бекітті және белгіленген тәртіппен банктерге жеткізді.

SREP нәтижелері тәуекелге бағдарланған қадағалау жағдайында банк секторының дамуының оң серпінін растайды. Соңғы екі жылда ҚЖБІП және ӨЖБІП рәсімдері айтарлықтай жақсарды, корпоративтік басқару, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және бақылау, сондай-ақ капитал мен өтімділікті басқару процестерінің сапасы арттырылды. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлауда тәуекел-менеджменттің рөлі күшейтілді: көптеген банктерде даму стратегиясы мен бюджеттерді қалыптастыру кезінде тәуекел-факторлар мен стресс-сценарийлер жүйелі түрде ескеріледі. Негізгі тәуекел түрлері бойынша экономикалық капиталды есептеу модельдерін енгізу және ішкі процестерді цифрландыру мен автоматтандыруды дамыту жалғасуда.

Сонымен қатар, бағалау нәтижелері одан әрі жетілдіру бағыттарын анықтады. 2025 жылғы SREP-ті қадағалап бағалауының қорытындылары бойынша, алдыңғы циклдың нәтижелері сияқты, жекелеген банктерге қатысты қадағалап ден қою шаралары қолданылатын болады. Анықталған кемшіліктерді жою үшін банктерге стратегиялық жоспарлауды, тәуекелдерді бағалау және басқару процестерін жетілдіру, ішкі бақылауды күшейту және корпоративтік басқару сапасын арттыру жөніндегі нақты қадамдарды көздейтін іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру қажет болады.

Осылайша, SREP нәтижелері банк жүйесінің орнықтылығын және бір мезгілде тәуекелдерді басқару практикасын одан әрі дамыту және банктердің ішкі процестерін жетілдіру қажеттігін көрсете отырып, оның реттеуші талаптарға сәйкестігін растайды.

Агенттік қаржы нарығының ашықтығын арттыру және банк секторына сенімді нығайту міндеттерін басшылыққа ала отырып, SREP шеңберінде банктерге жыл сайынғы қадағалап бағалауын жүргізуді жалғастырады.

Байланыс ақпараты:

Мекенжайы: Алматы қ., Көктем-3 шағын ауданы, 21

Тел: +7 (727) 37 11 11

Кеңсе факсы: +7 (727) 244 02 82

E-mail: info@finreg.kz

Сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm>

SREP есебін келесі жариялау үшін Есептің мазмұны бойынша түсініктемелер мен ұсыныстарды мына мекенжайға жіберуді сұраймыз:
Margarita.Abdulayeva@finreg.kz

Агенттік қызметінің мәселелері бойынша:

Сыртқы коммуникациялар басқармасы

Тел: +7 (727) 237 10 89

E-mail: press@finreg.kz